

**Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК
комплаенс-офицерінің
2024 жылдың 12 айындағы жұмысы туралы
ЕСЕБІ**

**1. БӨЛІМ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ
ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ**

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «№17 Қалалық емхана» КМК (ары қарай - №17 ҚЕ) 2024 жылдың 12 айында кадр бөлімі қызметіне сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (ары қарай – СЖТІТ) жүргізу негіздемесі:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылдың 18 қарашасындағы «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занының 8 бабы 5 тармағы.

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы «Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығы.

- №17 ҚЕ директорының 2024 жылдың 06 қарашасындағы «Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №33 бұйрығы.

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін өкілетті тұлға – Семейская Н.А. – комплаенс-офицер.

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі – 2024 жылдың 01 қантарынан бастап 30 қарашасына дейінгі кезең.

Откізу мерзімі 2024 жылдың 07 қарашасынан бастап 30 қарашасына дейін.

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі болып Кәсіпорынның кадр бөлімі болып табылады.

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) қызметкерлерге сауықтыру жәрдемақысын төлеуді талдау;
- 2) қосымша жұмыс істейтін қызметкерлердің ресімделуін талдау;
- 3) медициналық техниканы сатып алуды жоспарлауды және оны сатып алу қажеттілігінің негізділігін талдау.

СЖТІТ бірінші мәселесі бойынша Кәсіпорынның 2024 жылға арналған даму жоспары талданды, оған сәйкес Кәсіпорынның негізгі қызметкерлеріне 85 344 320,1 теңге сомасында сауықтыруға жәрдемақы төлеу көзделген. Кәсіпорында барлығы 365 негізгі қызметкер жұмыс істейді. Комиссия жұмыс істеген кезеңдегі жағдай бойынша жыл сайынғы негізгі ақылы еңбек демалысы берілген 347 қызметкерге тікелей жалпы сомасы 70 497 255,0 теңге жәрдемақы төленді.

Кәсіпорын қызметкерлерінің екі мәрте сауықтыру жәрдемақысын алу фактілері анықталмаған.

Осылайша, Кәсіпорында сауықтыру жәрдемақыларын төлеу кезінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін талдай отырып, Кәсіпорынның ішкі нормативтік-құқықтық актілерінде қызметкерлерге негізгі ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына шыққан кезде лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға жәрдемақы төлеуге кепілдік беретін еңбек заңнамасының нормалары орындалған деген қорытынды жасалды. Сауықтыруға арналған

жәрдемақыларды төлеуді жүзеге асыру кезінде қаржылық тәртіптің бұзылуы анықталған жоқ.

СЖТІТ екінші мәселесі бойынша

Қосымша жұмыс істейтін қызметкерлердің 18 кадрлық ісі зерттелді.

КР ЕК 32 бабының талаптарына сәйкес әрбір қызметкердің жеке ісінде келесі құжаттар жиынтығы бар:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке күәлігі
- 2) тиісті білімді, іскерлік пен дағдыны талап ететін білімі туралы құжаттар, кәсіптік біліктілігін тану туралы құжат, жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат;
- 3) еңбек қызметін растайтын құжат;
- 4) алдын ала медициналық күәландырудан өткені туралы құжат
- 5) сопталғандығы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
- 6) сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер;
- 7) ПСО анықтама.

Еңбек КЗ АЖ мәліметтерді талдау барысында барлық қосымша қызмет атқаратын қызметкерлер КР ЕК 68 бабының 1 тармағында белгіленген жұмыс уақытының қалыпты ұзактығын - алтасына 40 сағаттан асырмай жұмыс істейтіндігі анықталды. КР ЕК 68 бабы 2 тармағының талаптарына сәйкес Кәсіпорында есеп жүргізу кезінде есептік кезеңдегі жұмыс сағаттарының қалыпты саны тиісінше азаяды.

Сондықтан, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында қосымша қызмет атқаратын қызметкерлерді ресімдеу кезінде КР заңнамасының бұзушылықтары анықталған жоқ.

СЖТІТ ушінші мәселесі бойынша

СЖТІТ өткізу барысында медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау және оны сатып алу қажеттілігінің негізділігі кезінде Кәсіпорынның 2024 жылға арналған даму жоспарына талдау жасалды, жоспарға сәйкес Кәсіпорын жоғары сапалы магнитотерапия/жарық терапиясын жүргізу үшін ақылы бөлімше үшін медициналық жабдық сатып алынған. Ақылы бөлімше менгерушісі берген өтінімнің негізінде мемлекеттік сатып алу бөлімі баға ұсынысы арқылы мемлекеттік сатып алуды жүргізді, жеңімпаз болып Павлодар қаласындағы «Арзу – ПВ» ЖШС танылған.

01.02.2024 жылғы №240048 келісім шарттың талаптарына сәйкес Кәсіпорынға жалпы сомасы 1 800 000 теңге тұратын еден тіреуіші бар Биопtron Про 1 PAG-991 жарық терапиясы аспабы жабдықталған, бұл орташа коммерциялық ұсыныстарға сәйкес келеді. Қазіргі уақытта аталған медициналық техника ақылы бөлімшеде орнатылған, Кәсіпорынның 108 пациентіне жалпы сомасы 108 000 теңгеге медициналық қызмет көрсетілген.

Сондықтан, медициналық техниканы сатып алуды жоспарлау кезінде КР заңнамасының және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында оны сатып алу қажеттілігінің негізділігінің бұзылуы анықталған жоқ.

II БӨЛІМ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚА ҚАРСЫ НАСИХАТ

Комплаенс-офицер тұрақты негізде Кәсіпорынның медицина қызметкерлері тарарапынан орын алуды мүмкін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысты тұрғындардың өтініштеріне, БАҚ, әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға мониторинг жүргізеді.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 26 қыркүйекте «Құқықтық мәдениет қоғамдағы сыйбайлас жемқорлықты азайтудың негізгі шарты ретінде» атты тақырыбындағы семинар-конференцияға қатысты.

Аталған іс-шараның мақсаты тұрғындарға құқықтық сақтау мінез-құлық үлгісін, қоғамдық санада құқықты сәйкестендіруді және әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін қалыптастыруға арналған құқық саласындағы практикалық мәселелерді талқылау болып табылады.

Аталған іс-шара Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Алматы-адалдық алаңы» жобасын жузеге асыру аясында «Парасатты ұрпақ үшін» қоғамдық қоры «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ халықаралық құқық кафедрасымен бірлесе отырып өткізілді.

Сонымен катар, комплаенс-офицер КР сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы енгізілген жаңалықтар бойынша дәрістер оқыды, жұмысқа қабылдау кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулықтар жүргізілуде, 2025 жылға арналған комплаенс-офицер қызметінің іс-шаралар жоспары әзірленді.

Комплаенс-офицер

Н.А. Семейская